






Автор: Кожабергенова Венера Тагибергеновна
Пән: Қазақстан тарихы
Сынып: 5-сынып
Бөлім: Сақтар
Тақырып: Сақтар туралы тарихи мәліметтер

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	5.3.1.1 – картадан тайпалық одақтардың орналасуын көрсету; 5.3.1.2 – ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын білу
---	---

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (10 минут)	Бастапқы ынталандырушы материал ретінде «Алтын киімді адам» Мәтіннен үзінді оқу» Алматының күн шығыс жағында 50 шақырымдай жерде , Іле Алатауының баурайындағы жазықта 40 тан астам оба арналасқан . Соның ішінде «Есік обасы» да бар.Оны1969 жылы К. Ақышев тапқан. «Есік обасы» б.з.б.Ү-Ү ғасырлармен мерзімделеді. Оның диаметрі 60 метр, биіктігі 6 метр. Жерленген адамға мерекелік салтанатты киім кигізілген. Мәйіт қарумен жерленген. Белдік аң , жануарлар бейнелері салынған алтын қаптырмалармен әшекейленген . Жалпы әшекейлердің саны 4000 нан астам. Антропологтардың айтуынша , Есік обасында жерленген адам 17-18 жас шамасындағы ... ханзада.Есік қорғанынан табылған алтын бұйымдардың молдығына қарап , бұл мәйітті «Алтын киімді адам» деп атады. Мәтінді тыңдау арқылы бүгінгі сабақтың тақырыбын анықтайды. М.Ойланып көріңіз,сабақтың тақырыбы қандай болмақ? Болжам жасаңыз. -2-3 оқушыны тыңдау .Тақырыпқа шығу М Сабақтың тақырыбы, оқу мақсаттарымен бағалау критерийлерімен таныстыру	слайд

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (10 минут)	<p>Ерден атаның әңгімелері (видео) Тапсырма -1 Постер құру және қорғау Карта мен жұмыс: Қазақстан аумағындағы тайпалық одақтар. Т.Тапсырма-2 Қалыптастырушы : Дискриптор : Картадан тайпалық одақтарды атайды: 1)сақ-тиграхауда 2)сақ-парадарайа 3)сақ-хаумаварга 4)сақ-исседон 5)сақ-аргиппей 6)сақ-аримаспа 7)сақ-дайлар Бағалау критерийі Картадан тайпалықодақтардың орналасуын көрсету Сақтардың мекендегенжерлерін көрсету. Сақ тайпаларының қоныстануын атау «Жылжымалыкарта». Әр топтан бір оқушы келіп сақтардың орналасуын есіне сақтап,картаға орналастырады.</p>  <p>Ж.Қорытындылау мақсатында оқушылардың қабілетіне қарай жеке тапсырмалар ұсыныңыз, оқушылардың өздері таңдау мүмкіндігі бар. Ж.1.Сөйлемдерді толықтыр. 1.Шошақ бөрік киіп жүретін сақтар (тиграхауда) --2.---Сырдарияның орта ағысы, Тянь-Шань, Жетісу. 3.Теңіздің арғы жағындағы сақтар (Парадарайа) ---4.---Қара теңіздің</p>  <p>солтүстігі, Арал теңізінің маңы, Сырдария мен Амударияның төменгі ағысы. 5.Хаома сусынын дайындайтын сақтар (Хаумаварга) 6.-----Мургаб аңғары. Б.Бейнематериал«Ерден атаның әңгімелері». тарихи анимациялық бағдарлама.Сақтар туралы. Тапсырма-2.Б.Бейнематериалдан сақтардың түрлерін,мекендеген территория аумағын бейнематериал арқылы бекіту. Тапсырма-3. Деректерді толтыру. Ж. Қосымша материал 1.Сақтар туралы мәліметтер. Т.І топ Сақ туралы деректер .Сақ тайпалары атауының мағынасы жайында көп пікір ІІ топ . сақ топтарының аты және мекендеген жері. Әр топ өз жұмыстарын орындап, таныстырған соң топтар өзара бағалау жүргізеді. Критерийлері: 1. Сәйкестігін табу 2. Тапсырманың</p>	жұлдызшалар

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (10 минут)	<p>Зерттеу мен талдау Б.Ой шақыру стратегиясы: Сақ тайпалары туралы бейнематериалдан үзінді көрсетіледі. Бехистун жазбаларынан үзінді. Ж.Тапсырма-4: «Co-operative listening» әдісі Оқушылар «Бехистун жазбаларынан үзінді» бейнебаянды қарайды, бейнебаяннан қарсы топқа қоятын сұрақ жазып алады. Видео аяқталған соң бір-біріне сұрақ қояды, кілт сөздерін қолданып бейнебаянды сипаттайды. Тыңдалым, жазылым, айтылым дағдыларын дамыту. Тапсырма-5. Ж.2) Дереккөздерін сөйлету. Жүппен оқушылар дереккөздерін ауызша бөліседі. Таңдау бойынша кезекпен бөліседі.</p> 	
Сабақтың соңы (10 минут)	<p>1) Рефлексия: Жалғастырыңыз: Маған ... қызықты болды Бұл ... қиындық туғызды Осы ... мені ойландырды 2) Оқушылардың материалдарын меңгеру «Білімге сапар сәтті болды», «Жанар май қажет» әдісі арқылы (мұғалімге қажет оқушылардың қиналған тапсырмалары және жеке жетістіктерін қадағалау)</p>	